

Тайынша ауданы азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласында мамандары лауазымдарының тізбесін анықтау туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 18 шілдедегі N 392 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 20 тамызда N 2914 болып тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 21 желтоқсандағы N 522 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 21.12.2015 N 522 қаулысымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 238-бабының 3-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Тайынша ауданы азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласында мамандары лауазымдарының тізбесі қосымшаға сәйкес анықталсын.

2. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 10 ақпандағы № 93 "Аудандық бюджет қаражаты есебінен қалалық жағдайда қызметтің осы түрімен айналысатын азаматтық қызметкерлердің жалақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес пайызға жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкаларды алуға құқығы бар ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамтамасыз ету, білім, мәдениет және спорт мамандары лауазымдарының Тізбесін айқындау туралы" қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2009 жылғы 7 сәуірдегі № 13-11-145 тіркелді, 2009 жылғы 17 сәуірдегі "Тайынша таңы" аудандық газетінде, 2009 жылғы 17 сәуірдегі "Тайыншинские вести" аудандық газетінде жарияланды) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімінің өнеркәсіп, құрылыс және жедел мәселелер жөніндегі жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оны алғаш ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданының әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"

С. Салтықов

Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы
мәслихатының хатшысы

Қ. Шәріпов

2014 жыл

Солтүстік Қазақстан облысы
Тайынша ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 18 шілдедегі
№ 392 қаулысына
қосымша

Тайынша ауданы азаматтық қызметшілер болып табылатын және ауылдық жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария саласында мамандары лауазымдарының тізбесі

1. Денсаулық сақтау саласында мамандарының лауазымдары:

дәрігер;

медициналық бике;

диетикалық бике.

2. Әлеуметтік қамсыздандыру саласында мамандарының лауазымдары:

үйде әлеуметтік көмек бөлімшесінің меңгерушісі;

күтім бойынша әлеуметтік жұмысшы;

әлеуметтік жұмыс бойынша кеңесші;

жұмыспен қамту орталығының маманы.

3. Білім беру саласында мамандарының лауазымдары:

мемлекеттік мекеменің басшысы,

мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары,

мемлекеттік мекеме басшысының бірінші орынбасары,

қазыналық кәсіпорынның басшысы,

қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары,

қазыналық кәсіпорын басшысының бірінші орынбасары;

мұғалім;

социолог;

психолог;

тәрбиеші;

музыкалық жетекші;

нұсқаушы;
әдістемелік кабинеттің жетекшісі;
әдіскер;
шебер;
оқытушы;
вожатый;
кітапхана меңгерушісі,
жатақхана меңгерушісі,
шеберхана меңгерушісі.

4. Мәдениет саласында мамандарының лауазымдары:
мемлекеттік мекеменің басшысы,
мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары,
мемлекеттік мекеме басшысының бірінші орынбасары,
қазыналық кәсіпорынның басшысы,
қазыналық кәсіпорын басшысының орынбасары,
қазыналық кәсіпорын басшысының бірінші орынбасары;
бөлімше басшысы;
кітапхананың меңгерушісі,
мәдениет үйінің меңгерушісі;
әдіскер;
кітапханашы,
аға кітапханашы;
библиограф;
режиссер;
аккомпаниатор;
мәдени ұйымдастырушы;
хореограф.

5. Спорт саласында мамандарының лауазымдары:
бас маман,
аға маман,
нұсқаушы,
әдіскер,
жаттықтырушы.

6. Ветеринария саласында мамандарының лауазымдары:
ветеринарлық дәрігер;
ветеринарлық фельдшер.

